Райханова Данара Курмановнаның
8D01703 - Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Қазақстанның жоғары оқу орындарында химия-биология мамандықтары
үшін “Арнайы мақсаттарға арналған ағылшын тілі” курсының оқу жоспарын
әзірлеу» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбы: Қазақстанның жоғары оқу орындарында химия-биология мамандығы студенттері үшін арнайы мақсаттарға арналған ағылшын тілі (ESP) оқу бағдарламасын әзірлеу.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде болашақ химия-биология мұғалімдерінің қажеттіліктеріне бейімделген ESP оқу бағдарламасының теориялық және әдіснамалық негіздерін әзірлеу.

Зерттеу міндеттері:

- заманауи шет тілін оқыту контекстінде арнайы мақсаттарға арналған ағылшын тілін (ESP) оқытудың және оқу бағдарламаларын әзірлеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеу және талдау;
- химия-биология мамандығы студенттерінің ESP пәнін меңгерудегі қажеттіліктеріне талдау жүргізу;
- химия-биология студенттеріне арналған ESP оқу бағдарламасының моделін әзірлеудің әдіснамалық негізін қалыптастыру;
- әзірленген оқу бағдарламасы моделін химия-биология студенттеріне арналған ESP курсы аясында енгізу және оны “English for Specific Purposes (for Chemistry-Biology Students)” атты арнайы әзірленген оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- әзірленген ESP оқу бағдарламасы моделінің тиімділігін нақты білім беру жағдайында эксперименттік тұрғыда тексеру және оның практикалық қолданбалылығы мен күтілетін нәтижелерге сәйкестігін анықтау.

Зерттеу әдістері: Зерттеу прагматикалық парадигмаға негізделіп, көпкезеңді аралас әдіснамалық (mixed-methods) тәсілде жүргізілді. Теориялық әдістерге ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді, Қазақстандық және халықаралық нормативтік құжаттарды талдау, модельдеу жатқызылды. Эмпирикалық әдістер ретінде сауалнама, тестілеу, сабақ барысын бақылау және жартылай құрылымдалған сұхбат қолданылды. Сандық деректер сипаттамалық статистика, жұптық t-тест, Кронбах альфа коэффициенті және Коэннің d әсер мөлшері арқылы талданды. Сапалық деректер индуктивті тақырыптық талдау арқылы өңделді. Зерттеу қажеттіліктерді талдау,

квази-эксперименттік педагогикалық эксперимент және нәтижелерді бағалау кезеңдерін қамтыды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар:

1. Жоғары білім беру жүйесінде ESP оқу бағдарламасын әзірлеу ESP тұжырымдамасына және оның екі негізгі бағытына (EAP - академиялық мақсаттарға арналған ағылшын тілі және EOP - кәсіби мақсаттарға арналған ағылшын тілі) сәйкес келуі тиіс;
2. ESP оқу бағдарламасын тиімді әзірлеу болашақ химия - биология мұғалімдерінің қажеттіліктерін жан-жақты талдауға негізделуі қажет;
3. ESP оқу бағдарламасының теориялық негізі білім алушыға бағытталған, құзыреттілікке негізделген және тәжірибелік оқыту тәсілдерін біріктіру арқылы құрылады;
4. ESP оқу бағдарламасын жүзеге асыру арнайы әзірленген “English for Specific Purposes (for Chemistry-Biology Students)” оқу-әдістемелік материалдарымен қамтамасыз етіледі;
5. ESP оқу бағдарламасының тиімділігі оның нақты білім беру жағдайында қолданбалылығын және студенттердің тілдік, академиялық және кәсіби қажеттіліктеріне сәйкестігін айқындайды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- химия-биология мамандығы студенттері үшін ESP оқу бағдарламасын әзірлеудің қажеттілігі ғылыми тұрғыда негізделді;
- ESP ұғымы және оны оқу бағдарламасын әзірлеу тұрғысынан жіктеу нақтыланды;
- студенттердің ESP пәнін меңгеруге қатысты қажеттіліктері анықталды;
- ESP оқу бағдарламасының теориялық және әдіснамалық негіздері әзірленді;
- “English for Specific Purposes (for Chemistry-Biology Students)” оқу - әдістемелік материалы жасалды;
- педагогикалық эксперимент нәтижесінде әзірленген оқу бағдарламасының тиімділігі дәлелденді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Қазақстанның жоғары оқу орындары жағдайында алғаш рет химия-биология біріктірілген білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған ESP оқу бағдарламасын әзірлеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, олардың академиялық және болашақ кәсіби даярлығының пәнаралық сипатын ескере отырып, негізделді;
- Химия-биология студенттерінің тілдік, академиялық, кәсіби және педагогикалық қажеттіліктерін айқындауға бағытталған кешенді қажеттіліктерді талдау (Needs Analysis) моделі әзірленіп, ESP оқу

бағдарламасын дәлелді деректерге негіздеп құрастырудың негізі ретінде енгізілді;

- Химия-биология студенттеріне арналған мақсаттық, теориялық, әдіснамалық, іске асыру және бағалау блоктарынан тұратын авторлық ESP оқу бағдарламасы моделі әзірленіп, ESP және EMI оқытушыларына арналған қайталанып қолдануға болатын әдістемелік үлгі ретінде ұсынылды;
- Студенттердің айқындалған қажеттіліктерін, күтілетін оқу нәтижелерін, оқу мазмұнын, оқу әрекеттерін және бағалау құралдарын өзара байланыстыратын конструктивті сәйкестендіру тетігі әзірленіп, пәнаралық ESP оқытуына бейімделді;
- Болашақ мұғалімдердің кәсіби шетел тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды қолдауға арналған *English for Specific Purposes (for chemistry-biology students)* атты пәнге бейімделген жаңа дидактикалық материалдар жинағы жасалды;
- Әзірленген оқу бағдарламасы моделінің педагогикалық тиімділігі нақты білім беру тәжірибесінде эксперименттік түрде тексеріліп, студенттердің оқу нәтижелеріне оң әсері мен Қазақстан жоғары білім беру жүйесін жаңғырту жағдайындағы практикалық қолданбалылығы дәлелденді.

Ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: Зерттеу Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлық), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына (2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлық), Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына (2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлық), сондай-ақ Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының Болон процесі бойынша аналитикалық есебіне (Астана, 2022) және Қазақстанның Ұлттық біліктілік шеңберінің Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберімен сәйкестігі туралы өзін-өзі сертификаттау есебіне (Астана, 2020) сәйкес келеді.

Докторанттың әр зерттеуге қосқан үлесінің (65 пайыздан кем болмау керек) сипаттамасы жазылған ғылыми жарияланымдар туралы ақпарат: Зерттеу нәтижелері 10 ғылыми мақалада жарияланды, оның ішінде: Scopus деректер базасындағы шетелдік журналда - 2 мақала (Q3, Perc.38%) ҚР БҒМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда - 6 мақала, Халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында - 2 мақала; «English for Specific Purposes (for chemistry-biology students)» атты оқу-әдістемелік құралға 2024 жылғы 9 желтоқсандағы №52368 авторлық құқықпен қорғалатын объектілердің мемлекеттік тізіліміне енгізілгені туралы куәлік

алынды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері келесі ғылыми-практикалық іс-шаралар барысында да мақұлданды: ҚР ҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылған IRN: AP19676131 «English Medium Instruction (EMI)» жобасына кіші ғылыми қызметкер ретінде қатысу (2023-2025 жж.); "Өрлеу" Ұлттық біліктілікті арттыру орталығымен бірлескен мұғалімдерге арналған семинарларда модератор және баяндама жасаушы ретінде қатысу; Ұлыбритания, Лестер университетінде өткен English for Academic Purposes оқытушыларына арналған 2 апталық біліктілікті арттыру бағдарламасына қатысу (2019 ж.); Назарбаев Университеті мен халықаралық ELINET конференцияларында баяндамалармен қатысу (2024 ж. маусым-шілде).

Scopus ақпараттар базасындағы басылымдар:

1. Raikhanova, D. K., & Bakić-Mirić, N. (2023). Developing an outcome-based learning curriculum in ESP. *The Journal of Teaching English for Specific and Academic Purposes*, 11(2), 567-579. https://doi.org/10.22190/JTESAP230728041R (Қосалқы автор: Bakić-Mirić, N. 85%);
2. Raikhanova, D. K., Kassymova, G., & Bakić-Mirić, N. (2025). Developing needs analysis-based ESP curriculum for chemistry-biology students in higher education. *The Journal of Teaching English for Specific and Academic Purposes*, 13(2), 351-360. https://doi.org/10.22190/JTESAP250310027R (Қосалқы авторлар: G. Kassymova, N. Bakić-Mirić. 70%);

ҚР ҒЖБМ сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар:

3. Raikhanova, D. K., & Kassymova, G. (2020). Formation of professionally-oriented competence in teaching English for academic purposes for chemistry-biology students. *Bulletin of KazNPU*, 1(65), 125-131. (Қосалқы автор: G. Kassymova. 85%);
4. Raikhanova, D. K. (2020). Peculiarities and challenges of an ESP course for chemistry/biology students in Kazakhstani universities. *Bulletin of Kazakh National Women's Teacher Training University*, 1(81), 126-132. (Жеке автор. 100%);
5. Raikhanova, D. K., & Kassymova, G. (2020). English for specific purposes course design parameters for chemistry-biology students. *Bulletin of Toraighyrov University*, 3, 42-439. (Қосалқы автор: G. Kassymova. 85%);
6. Raikhanova, D. K., Seidaliyeva, G., & Ismailova, D. (2024). Developing outcome-based English for specific purposes curriculum for chemistry-biology students. *Bulletin of Toraighyrov University*, 4, 158-172. (Қосалқы авторлар: G. Seidaliyeva, D. Ismailova. 70%);
7. Raikhanova, D. K., & Kassymova, G. (2024). Analysing Instagram's pedagogical dimensions as an educational tool for ESP: Insights from higher

education science students. *Pedagogy and Psychology*, 61(4), 145-158. (Қосалқы автор: G. Kassymova. 85%);

8. Raikhanova, D. K., Gaipov, D., Korzhinbayeva, A., & Tulepova, S. (2025). "Speaking without fear, thanks to EMI": Insights from a collaborative content and language intervention. *3i: Intellect, Idea, Innovation*, 1, 382-389. (Қосалқы авторлар: D. Gaipov, A. Korzhinbayeva, S. Tulepova. 70%);

Халықаралық конференция материалдарындағы жарияланымдар:

9. Raikhanova, D. K., & Kassymova, G. (2019). Implementing project-based learning in English for specific purposes for science students. *Eurasian Conference on Language and Social Sciences*, 6, 65-75. (Қосалқы автор: G. Kassymova. 85%);

10. Raikhanova, D. K., Ospanova, R., & Mukhilis, Zh. (2023). Game-based learning as one of the methods of teaching science students. *Proceedings of the 1st International Scientific Conference "Current Issues in Foreign Language Education"*, 10-14. (Қосалқы авторлар: R. Ospanova, Zh. Mukhilis. 50%);

Оқу-әдістемелік құрал:

11. Raikhanova, D. K. (2024). *English for specific purposes (for chemistry-biology students).* Almaty: Lantar Books. ISBN 978-601-361-534-9. Certificate of state registration of copyright objects No. 52368 (09.12.2024). (Жеке автор. 100%).

Зерттеу құрылымы: Диссертация жеті тараудан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және зерттеуге қатысты құжаттар мен оқу-әдістемелік материалдарды қамтитын қосымшалардан тұрады. Бірінші тарау – кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу сұрақтары мен гипотезасы, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, сондай-ақ нәтижелердің апробациясы мен енгізілуі сипатталады. Екінші тарауда жоғары білім беру жүйесіндегі ағылшын тілінде оқыту бойынша әлемдік тәжірибе, Қазақстандағы тілдік саясат пен педагог кадрларды даярлау жүйесіндегі өзгерістер талданып, химия-биология мамандығы студенттеріне арналған оқу бағдарламаларындағы олқылықтар айқындалады. Үшінші тарауда ESP және оқу бағдарламаларын әзірлеудің теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылып, конструктивті сәйкестік, білім алушыға бағытталған және құзыреттілікке негізделген, тәжірибелік оқыту қағидаттары негізінде тұжырымдамалық модель ұсынылады. Төртінші тарауда зерттеудің ғылыми парадигмасы, әдіснамалық негізі, зерттеу кезеңдері, қатысушылар, эксперименттік бағдарлама, деректер жинау және талдау әдістері, сондай-ақ этикалық, валидтілік және сенімділік мәселелері сипатталады. Бесінші тарауда қажеттіліктерді талдау нәтижелері, оқу нәтижелерін қалыптастыру, ESP материалдарын әзірлеу және олардың тиімділігі пре- және пост-тесттер, сұхбаттар мен сауалнамалар арқылы дәлелденеді. Алтыншы тарауда алынған нәтижелер теориялық негіздермен салыстырылып талқыланып, ұсынылған

теориялық және практикалық үлесі көрсетіліп, білім беру тәжірибесіне ұсыныстар мен болашақ зерттеу бағыттары беріледі.

Ғылыми жетекші: **Педагогика ғылымдарының докторы, СДУ профессоры, Гулнара Касымова**